Әділет

# 2013 жылға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 54 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 наурызда № 4053 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20-баптарына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі 2013 жылы, жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен накты жағдайлары;

2) аудандық бюджет қаражаты есебінен айына ең төменгі айлық жалақының екі мөлшерінде қоғамдық жұмыстармен қамтылған азаматтардың еңбегіне төленетін ақысының мөлшері.

2. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда анықталсын:

1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық және қосылған құн салығы аудандық бюджеттен өтеледі және жұмыс берушінің есеп айырысу шотына аударылады;

2) жалақыны есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банк қызметтері үшін комиссиялық сыйақы төлеу шығындары шартпен белгіленген мөлшерде аудандық бюджеттен жұмыс берушінің есеп айырысу шотына өтеледі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Б. Өтеулин*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы*

*_____________________ Л. Өтешева*

"Таран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ басшысы
_______________ В. Ересько
Таран ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 54 қаулысымен бекітілді

# Ұйымдардың тізбесі 2013 жылы, жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары

| № | Кәсіпорын атауы | Жұмыстардың түрлері | Жұмыстардың көлемі (сағат) | Жұмыстардың нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Таран селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 69540 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Асенкритов селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 8928 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Евгенов селосының аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 7280 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Павлов селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 14448 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Нелюбин селолық | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 6 6 9 6 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Приозерное селосының аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 7 6 0 8 | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс күнінің ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан көп емес, Қазақстан Республикасы-ның еңбек заңнамасында қарастырылған шектеулерді ескере келіп, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем |
| | | Қызметкердің алдын-ала кәсіби даярлығын талап етпейтін, Новоильинов селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 1 6 4 2 1 | |
| 1 | "Содружество 2 0 0 8 " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Красносельск селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 1 3 5 6 8 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Май селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 1 5 6 3 2 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Қайранкөл селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 1 4 2 7 2 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Белинск селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 1 9 5 6 8 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Юбелейный селосының аймағын жинауда және | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | абаттандыруда көмек көрсету. | 8 1 3 6 | емес түскі үзіліспен. |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Набережный селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 9 6 9 6 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Калинин селолық округінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 9 5 0 4 | |
| | | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Тобыл кентінің аймағын жинауда және абаттандыруда көмек көрсету. | 55096 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК